

**«ӨРЛЕУ» БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САЛАЛЫҚ КӘСІПТІК
ОДАҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**
**«ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ
КӘСІПТІК ОДАҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**2026 жылғы 1 қаңтардан бастап салық шегерімдері бойынша Қазақстан
Республикасының Салық кодексіне енгізілген негізгі өзгерістеріне
ТҮСІНДІРМЕЛЕР**

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметкерлерге арналған жеке табыс салығына енгізілген **негізгі өзгерістерді** қамтитын Қазақстан Республикасының Салық кодексі (2025 жылдың 18 шілдесінде № 214-VIII ЗРК қабылданған) күшіне енді.

1) Салық **салынбайтын базалық** ең төменгі сома айына 14-тен 30 АЕК-ке дейін арттырылды (ҚР Салық кодексінің 403-бабы, бұдан әрі ҚР СК). 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап АЕК (айлық есептік көрсеткіш) 4 325 теңгені құрайды. Бұл **айына** салық салынбайтын сома **2026 жылы 129 750 теңгені** (30 x 4 325 теңге) құрайды дегенді білдіреді. Салыстыру үшін: **айына** салық салынбайтын сома **2025 жылы: 55 048 теңгені** (14 x 3 932 теңге) құрады.

Бұл өзгеріс **«төлем үшін»** есептелетін жалақыға қалай әсер етеді? **Мысалы:** қызметкердің есептелген жалақысы айына 200 000 теңгені құрайды.

Салық	2025 жылғы есептеу	2026 жылғы есептеу
МЗЖ (міндетті зейнетақы жарналары)	200000 тенге x 10% = 20000 тенге	200000 тенге x 10% = 20000 тенге
МӘМСЖ (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасы)	200000 тенге x 2% = 4000 тенге	200000 тенге x 2% = 4000 тенге
Кәсіподақ жарнасы	200000 тенге x 1% = 2000 тенге	200000 тенге x 1% = 2000 тенге
Табыс салығының ставкасы	Кірістен 10%	Табыс салығының ставкасы: 10% - жылына 8500 АЕК-ке дейінгі кіріс кезінде (немесе 36,8 млн теңге); 15% - жылына 8500 АЕК-тен жоғары (немесе 36,8 млн теңгеден жоғары).
ЖТС (жеке табыс салығы)	1) 200000 тенге – 20000 тенге-4000 тенге - 2000= 174000 тенге 2) 14 x 3932 тенге = 55048 тенге 3) 174000 тенге – 55048 тенге = 118952 тенге 4) 118952 тенге x 10% (табыс салығының ставкасы) = 11895 тенге	1) 200000 тенге – 20000 тенге-4000 тенге – 2000 тенге = 174000 тенге 2) 30 x 4325 тенге = 129750 тенге 3) 174000 тенге – 129750 тенге = 44250 тенге 4) 44250 тенге x 10% (табыс салығының ставкасы) = 4425 тенге
Беруге (төлем үшін):	200000 тенге – 20000 тенге – 4000 тенге – 2000 тенге - 11895 тенге = 162105 тенге	200000 тенге – 20000 тенге – 4000 тенге – 2000 тенге - 4425 тенге = 169575 тенге

Яғни: қызметкердің «төлем» сомасы **7470 тенге** (169575-162105) ұлғайды.

Басқа мысал: Қызметкердің есептелген айлық жалақысы 100 000 теңге

Салық	2025 жылғы есептеу	2026 жылғы есептеу
МЗЖ (міндетті зейнетақы жарналары)	100000 тенге x 10% = 10000 тенге	100000 тенге x 10% = 10000 тенге
МӘМСЖ (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасы)	100000 тенге x 2% = 2000 тенге	100000 тенге x 2% = 2000 тенге
Кәсіподақ жарнасы	100000 тенге x 1% = 1000 тенге	100000 тенге x 1% = 1000 тенге
Табыс салығының ставкасы	Кірістен 10%	Табыс салығының ставкасы: 10% - 10% - жылына 8500 АЕК-ке дейінгі кіріс кезінде (немесе 36,8 млн тенге); 15% - жылына 8500 АЕК-тен жоғары (немесе свыше 36,8 млн теңгеден жоғары).
ЖТС (жеке табыс салығы)	1) 100000 тенге – 10000 тенге-2000 тенге - 1000= 87000 тенге 2) 14 x 3932 тенге = 55048 тенге 3) 87000 тенге – 55048 тенге = 31952 тенге 4) 31952 тенге x 10% (табыс салығының ставкасы) = 3195 тенге	1).100000 тенге – 10000 тенге-2000 тенге – 1000 тенге = 87000 тенге 2).30 x 4325 тенге = 129750 тенге 3). 87000 тенге – 129750 тенге = 0 тенге (салық салынбайды) 4). 0 тенге x 10% (табыс салығының ставкасы) = 0 тенге
Беруге (төлем үшін):	100000 тенге – 10000 тенге – 2000 тенге – 1000 тенге - 3195 тенге = 83805 тенге	100000 тенге – 10000 тенге – 2000 тенге – 1000 тенге - 0 тенге = 87000 тенге

Яғни: қызметкердің «төлем» сомасы **3195 теңгеге** (87000-83805) ұлғайды.

2) Назар аударыңыздар, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде **келесі салық жеңілдіктері енді көзделмеген:**

- білім алуға салық жеңілдігі;
- көп балалы отбасыларға салық жеңілдігі;
- медициналық көмекке салық жеңілдігі;
- ипотекалық несие беруге салық жеңілдігі.

3) **Әлеуметтік салық шегерімдері** бекітілді (ҚР Салық кодексінің 404-бабы):

- **бірінші және екінші топтағы** мүгедектер үшін - шегерім сомасы АЕК-тің 5000 еселенген мөлшерінде;
- **үшінші топтағы** мүгедектер үшін, мүгедек баласы бар адамдар үшін - шегерім сомасы АЕК-тің 882 еселенген мөлшерінде;

Сондай-ақ, келесі тұлғалар үшін шегерім сомасы АЕК-тің 882 еселенген мөлшерін құрайды (ҚР Салық кодексінің 404-бабы):

- мүгедек баланың ата-анасының, қамқоршыларының, қорғаншыларының бірі - он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек әрбір бала үшін;
- өмір бойына әрбір "бала кезінен мүгедектігі бар адам" деген себеппен мүгедектігі бар адам деп танылған осындай адам үшін – адамның ата-анасының, қорғаншыларының, қамқоршыларының бірі;

- асырап алынған бала он сегіз жасқа толғанға дейін әрбір бала асырап алушы үшін – осындай адамдардың бірі;

- жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына қабылдап алған әрбір ата-ана үшін – осындай адамдардың бірі.

4) ҚР салық кодексінің 437 бабының 2 тармағына сәйкес базалық салықтық шегерім мен әлеуметтік салықтық шегерімдерді мыналардың:

1. жеке тұлғаның салықтық шегерімдерді қолдану туралы **өтініші**;

2. **әлеуметтік салықтық шегерімді қолдану үшін растайтын құжаттардың көшірмелері негізінде қолданады.**

Бұған дейін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Заңының 343-бабына сәйкес салық шегеріміне өтініш уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша берілуге тиіс болатын. Салық шегерімдерін қолдану туралы **өтініштің мұндай нысаны** «Жеке тұлғаның салықтық шегерімдерді қолдану туралы өтінішінің және жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 102 **бұйрығымен бекітілген**. Бұл бұйрықтың күші жойылды.

ҚР Салық кодексінде 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап мұндай талап **(белгіленген нысан бойынша өтініш беру) жоқ**.

Осыған байланысты өтініштің келесі нысанын ұсынамыз немесе жұмыскерлер өтініш нысанының мәселесі бойынша жұмыс берушілерге жүгінуі қажет.

Салық шегеріміне өтініш формасының үлгісі

Білім беру ұйымының басшысына

кімнен

(лауазымы)

(Т. А. Ә.)

ЖСН

Өтініш

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 403-бабына сәйкес жеке табыс салығын есептеу кезінде салық салынатын табысты азайту мақсатында 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап менің әрбір күнтізбелік ай үшін табысымнан айлық есептік көрсеткіштің 30 еселенген мөлшері сомасында базалық салық шегерімін қолдана отырып есеп жүргізуді сұраймын. Менің кірістерім бойынша көрсетілген салық шегерімі тек _____ қолданылады

(ұйымның атауы)

Осы салық шегерімдерін пайдалануға құқық беретін мән-жайлар өзгерген жағдайда, бұл туралы дереу хабарлауға міндеттенемін.

«__» _____ 20__ г. _____

(қолы)

Егер қызметкер базалық салық шегерімінен басқа әлеуметтік салық шегеріміне құқылы болса, онда өтініште 403-баптан басқа жеңілдікті шегерім көрсетілген 404-бап та көрсетіледі (жоғарыдағы көрсетілген). Сондай-ақ өтінішке растайтын құжаттардың көшірмелері қоса берілуге тиіс.

5) Жеке тұлға (қызметкер) базалық салық шегерімін тек бір салық агентінен ғана қолдануға құқылы (ҚР СК 437-бабы, 3-тармағы). Яғни, тек негізгі жұмыс орны бойынша.